

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

---

**Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства**

**Битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып  
жабын жұмыстарын жүргізуге арналған**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА**

---

**ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА**

**на производство кровельных работ с применением  
битумно-полимерных материалов**

**ТК 3.02-07-2012**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства  
и жилищно-коммунального хозяйства**

**Астана 2012**

# ТК 3.02-07-2012. Технологиялық карта

## ТК 3.02-07-2012. Технологическая карта

---

### Алғы сөз

- |  |  |
|--|--|
| 1. ӨЗІРЛЕГЕН                                     | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК   |
| 2. ҰСЫНҒАН                                       | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті        |
| 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 10.12.2012 жылғы № 605 бұйрығымен 01.05.2013 жылдан бастап |
| 4. ОРНЫНА  | алғашқы рет  |

### Предисловие

- |                                 |  |
|---------------------------------|--|
| 1. РАЗРАБОТАНЫ                  | АО «КазНИИСА»  |
| 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ                 | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 10.12.2012 года № 605 с 01.05.2013 года  |
| 4. ВЗАМЕН                       | впервые  |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

**Мазмұны**

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолданылу аясы.....	1
3 Нормативтік сілтемелер.....	2
4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары .....	4
5 Жұмыстарды өндіруді ұйымдастыру және оның технологиясы .....	8
6 Материалдық-техникалық ресурстар қажеттілігі .....	28
7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар .....	34
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау .....	40
9 Еңбек шығысының калькуляциясы .....	44

**БЕЛГІ ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---

## **БИТУМДЫ-ПОЛИМЕРЛІК МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ЖАБЫН ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА**

Енгізу мерзімі 2013-05-01

### **1 Жалпы ережелер**

1.1 Битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып, жабын жұмыстарын (екі қабатты төсем) жүргізуге арналған технологиялық карта Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға (НТК) сәйкес әзірленді.

1.2 Технологиялық карта құрылысты құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, олардың технологиясы мен механизациясы бойынша тиімді шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада ерітілген орама битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып, пайдаланылмайтын тегіс жабындардың екі қабатты төсемдерін салу қаралады.

1.4 Технологиялық карта келесі тарауларды қамтиды:

- қолданылу аясы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдардың сипаттамалары;
- жұмыстарды өндіруді ұйымдастыру және оның технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстар қажеттілігі;
- жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығыстарының калькуляциясы.

1.5 Технологиялық картадағы еңбек тәртібі еңбек бөлінісін, жетілдірілген аспап пен мүліктің қолданылуын есепке ала отырып, жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру, бригада жұмысшылары арасында міндеттерді нақты бөлу кезінде еңбек үрдістерін орындаудың оңтайлы қарқыны жағдайларына байланысты қабылданды.

### **2 Қолданылу аясы**

2.1 Балқытылатын орама битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып, екі қабатты жабын төсемін салу жұмыстарын орындау кезінде ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10 басшылыққа алу қажет.

2.2 Осы технологиялық картада ҚР ҚНЖЕ-ге 2.04-10 сәйкес еңістері бар жаңа тегіс пайдаланылмайтын жабындарға арналған ерітілетін орама битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып екі қабатты жабын төсемін салу төмендегі жұмыстарды жүргізу талаптарын сақтай отырып қаралады:

- жабын жұмыстары ҚР ҚНЖЕ 2.04-10 және ҚР ҚНЖЕ 3.02-06 талаптарына сәйкес температуралық-ылғалдылық жағдайларын сақтай отырып орындалады;
- негіздің төсеме сырына арналған ыстық бөліктер температурасы плюс 180 °С-ден жоғары емес, суық бөліктер температурасы плюс 30 °С-ден жоғары емес;
- жұмыстарды қар жаумағанда, көктайғақ және жауын-шашын болмаған кезде орындау қажет;
- негіз ылғалдылығы 5 %-дан артық болмауы тиіс;
- температурасы төмен орама материалдарды 20 сағат ішінде 15 °С кем болмайтын температураға дейін жылыту қажет;

- жабын жұмыстарын орындау кезіндегі жұмыс орындарының жарықтандырылуы МЕМСТ-қа 12.1.046 сәйкес келуі тиіс.

2.3 Ерітілетін орама битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып, екі қабатты жабын төсемді салу бойынша жұмыстар төмендегі технологиялық тәртіпте орындалады:

*а) дайындық жұмыстары;*

*б) негізгі және қосымша жұмыстар:*

- негізді тазарту;

- ылғалды жерлерді кептіру;

- негізгі төсемді астарлау;

- жабын төсемінің қосымша қабаттарын қабырғаға және жақтауға жалғастырып салу;

- ішкі су ағатын шұңғымаға қосымша қабат салу;

- деформациялық жіктердің екі жағынан қосымша қабат салу;

- үлкен құмыраларға қосымша қабат салу;

- жабын төсемінің төменгі қабатын салу;

- аэратор салу;

- жабын төсемінің үстіңгі қабатын салу;

*в) қорытынды жұмыстар.*

2.4 Орама битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып, жабын жұмыстарын жүргізуге арналған технологиялық картада ҚР ҚНжЕ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНжЕ 2.04-10 және өзге де қолданыстағы НТҚ-ны, жұмыстарды жүргізу жобасын және осы технологиялық картаның 2.2. тармағын сақтай отырып, жұмыстардың кез келген уақытта орындалуын көздейді.

2.5 Технологиялық картаны нақты объектілерге және жұмыстарды жүргізу талаптарына байланыстыру жұмыстардың көлемін, еңбек және материалдық-техникалық ресурстары қажеттіліктерін, механизация құралдарын нақтылаудан, сапаны, қауіпсіздік техникасын бақылау және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды түзетуден тұрады.

2.6 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылдың жағдайы бойынша құрастырылған Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттар тезбесі бойынша нормативтік құқықтық актілер (НҚА) мен НТҚ әрекетін, сондай-ақ ағымдағы жылда жарияланған тиісті ақпараттық нұсқаулар бойынша күшіне енген НҚА мен НТҚ тексеру қажет.

Егер сілтеме НҚА мен НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ-ны басшылыққа алу қажет.

Егер сілтеме НҚА мен НТҚ ауыстырылмай күші жойылса, онда оларға сілтеме берілген ереже осы сілтеме қозғалмайтын бөлігінде қолданылады.

### **3 Нормативтік сілтемелер**

Осы технологиялық картада келесі нормативтік-техникалық құжаттарға сілтеме жасалған:

ҚР ТЖМ 21.10.2011 жылғы № 245 бұйрығымен бекітілген Жүк көтергіш крандарды құрастыру және қауіпсіз пайдалану жөніндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.12.2011 жылғы №1682 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі ережелері».

ҚР ҚНжЕ 1.03-05-2001	Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.
ҚР ҚН 1.03-00-2011	Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру.
ҚР ҚНжЕ 2.02-05- 2009*	Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.
Қ Р ҚНжЕ2.04-10-2004	Оқшаулағыш және әрлеу төсемдері.
ҚР ҚНжЕ 3.02-02-2009	Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар.
ҚР ҚНжЕ 3.02-06-2009	Шатырлар мен жабындар (2010 жылғы басылым).
МЕМСТ 12.1.004-91	ЕҚЖС. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
М ЕМСТ 12.1.013-78	ЕҚЖС. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
М ЕМСТ 12.1.046-85	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары (2003 жылғы басылым).
МЕМСТ 12.4.059-89	ЕҚЖС. Құрылыс. Сақтандырғыш мүліктік қоршаулар. Жалпы техникалық талаптар.
МЕМСТ 12.4.087-84	ЕҚЖС. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық талаптар.
МЕМСТ 12.4.089-86	ЕҚЖС. Құрылыс. Сақтандырғыш белдіктер. Жалпы техникалық талаптар.
МЕМСТ 12.4.107-82	ЕҚЖС. Құрылыс. Сақтандыру арқандары. Жалпы техникалық талаптар.
МЕМСТ 11042-90	Болат құрылыс балғалары. Техникалық талаптар.
МЕМСТ 23407-78	Құрылыс алаңдарының және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу учаскелерінің мүліктік қоршаулары. Техникалық талаптар.
МЕМСТ 25573-82*	Құрылысқа арналған жүк арқандары. Техникалық талаптар.
МЕМСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен құрылыстардың параметрлерін өлшеуді орындау ережелері.
МЕМСТ 30547-97	Орама жабындық және гидрооқшаулағыш материалдар. Жалпы техникалық талаптар.
МЕМСТ 30693-2000	Жабындық және гидрооқшаулағыш мастикалар. Жалпы техникалық талаптар.

Қазақстан Республикасының Құрылыс нормалары. Құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарының бірыңғай нормалары мен бағалары:

ҚР Е 8.04-1-2010 1-жинақ Ішкі құрылыс көлік жұмыстары;

ҚР Е 8.04-1-2010 7-жинақ Жабын жұмыстары.

#### **4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары**

Ерітілетін орама битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып жабын жұмыстарын жүргізу кезінде келесі материалдар мен бұйымдар қолданылады:

##### **4.1 Битумды-полимерлік тұтқырғыштың орама жабын материалдары**

Жабын салу үшін 30547 МЕМСТ-ға сәйкес келетін ерітілетін орама жабын материалдары қолданылады.

Орама жабын материалының  $1 \text{ м}^2$  орташа салмағы 3,0 кг-нан 3,6 кг дейін, ораманың ұзындығы/ені –  $10 \text{ м} \times 1 \text{ м}$ .


Орама материалдарын 30547 МЕМСТ талаптарына сәйкес жабық көлік құралдарымен тасымалдау қажет. Орама материалдарын көлік құралдарына жүктеу және оларды тасымалдау берілген көлік түріне қатысты қолданылатын Жүк тасымалдау ережелеріне және нақты материал түріне арналған НТҚ-да белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Материалдар ауысымдық өндеу мөлшерінде партиямен жеткізіледі. Орама материалдарының әрбір партиясы сапа туралы құжатпен сүйемелденеді.


Орама материалдары ылғалдың, тікелей күн сәулелері мен қызуының әсер етуінен қорғауды қамтамасыз ететін жағдайларда сақталады. Орама материалдарын сақтау ерекшеліктері нақты материал түріне арналған НТҚ-да көрсетілуі тиіс. Орамалар бір қатарда тік қалпында сақталуы және тасымалдануы тиіс. Негізі шыны талшықтан жасалған материалдар биіктігі бойынша бес қатардан аспайтын көлденең қалпында сақтауға және тасымалдауға болады.

Орама материалдарды сақтау және арқандау сызбалары 1-ші суретте келтірілген.

а)



б)



а – орама материалдарды сақтау сызбасы;  
 б – орама материалдарды арқандау сызбасы

- 1 – орама материалдар;
- 2 – металл және полиэтиленді байлау лентасы;
- 3 – ағаш тұғырық;
- 4 – мүліктік металл сөре;
- 5 – 4СК төрт тармақты арқан

**1-сурет – Орама материалдарды сақтау және арқандау сызбалары**

#### **4.2 Битумды праймер**

Жабын төсемінің төменгі қабатын салу кезінде жабын негізін сырлау үшін 30693 МЕМСТ талаптарына сәйкес келетін битумды праймер қолданылады. Ол орама материалдарының бетон және кеуек қабаттарға сапалы әрі берік жапсырылуын қамтамасыз етеді. Битумды праймер терең өтеді, жылуға төзімді және жабысқақ емес.

Қолдануға дайын праймер шығысы орта есеппен  $250 \text{ мл/м}^2$  –ден  $350 \text{ мл/м}^2$  дейін құрайды. Температура  $20 \text{ }^\circ\text{C}$  болғанда кебу уақыты 12 сағаттан артық емес.

Битумды праймер ауысымдық өңдеу мөлшерінде партиямен жеткізіледі. Әрбір партияның 30693 МЕМСТ-ға сәйкес сапа туралы құжаты болуы тиіс.

Битумды праймердің екі түрі шығарылады: қолдануға толық дайын ерітінді немесе концентрат. Көлемі 20 литр герметикалық металл еурошелектерде жеткізіледі.

Битумды праймер әрбір көлік түріне қатысты қолданылатын Жүк тасымалдау ережелеріне және жанармай материалдарын тасымалдау ережелеріне сәйкес барлық көлік түрлерімен тасымалданады.

Битумды праймер тікелей күн сәулелері өтпейтін құрылыстарда оралған күйінде сақталады.

#### **4.3 Пропан-бутан газы**

Пропан-бутан газы қол газ шілтері үшін оттық ретінде қолданылады. Пропан-бутан газы қолданыстағы НТҚ талаптарына сәйкес келуі тиіс.

#### **4.4 Аэратор**

Жұмсақ тегіс және жайпақ жабындарға арналған дефлекторлар (аэраторлар) көпіршіктердің пайда болуын және жабын материалының қатпарлануын болдырмай, жабын құрылымдарынан ылғалды тиімді жояды, гидрооқшаулағыштың төменгі қабатынан конденсатты шығарады.

Дефлектордың (аэратордың) әрекет ету принципі жабын қабаттарында және қоршаған ортада қысымның түсуіне негізделеді. Дефлектордың (аэратордың) құрылымы жағынан бірегей қалпағы құбырда қосымша тартылыс күшін тудырады, бұл дефлектордың тиімділігін біршама арттырады. Дефлектордың (аэратор) ені 15 см тұрақты ернемегі болады. Ернемек соқаларының түрі мен орналасуы оның битуммен берік герметикалық қосылуын қамтамасыз етеді. Қысқы ауа райы қатаң өңірлерде ылғалдылығы жоғары объектілерде қолдану үшін жылуоқшаулағыш дефлекторлар (аэраторлар) шығарылады.

Дефлектордың (аэратордың) жалпы түрі 2-ші суретте көрсетілген.



**2-сурет – Дефлектордың (аэратордың) жалпы түрі**

Дефлекторлар (аэраторлар) үш түрлі болады: 75 мм (құбырдың биіктігі 300 мм), 110 мм (құбырдың биіктігі 330 мм және 600 мм) және 160 мм (құбырдың биіктігі 380 мм және 780 мм) құбыр диаметріндей. Дефлектордың биіктігін қосымша құбырлар арқылы өсіруге болады. Стандартты түсі: кара.

#### **4.5 Ішкі су ағысының шұңғымалары**

Ішкі су бұру шұңғымаларын орнату жерлерінде жабынның төмендеуі жылытқыш қабат қалыңдығын азайту есебінен немесе су оқшаулағыш төсем негізі есебінен 500 мм радиуста 20 мм-ден 30 мм дейін құрауы тиіс.

Жақтаулардың, басқа да шығыңқы ғимарат бөліктерінің бойында орналасқан су қабылдағыш шұңғымалар олардан кемінде 450 мм қашықтықта орналасуы тиіс. Қабырғалардың ішінде су ағысы тіректерін орнатуға болмайды.

Жабын төсемінің негізі өзгертілген немесе жабын негізі бүгілген кезде су бұру құрылғысы өз жағдайын өзгертпеуі тиіс. Суағар шұңғымалар жабын негізіне бекітілуі және компенсаторлар арқылы тіреулермен қосылуы қажет.

Ішкі суағар шұңғыманың жалпы түрі 3-ші суретте көрсетілген.



**3-сурет – Қысқыш дөңгелегі бар ішкі суағар шұңғымасының түрі**

Шатыры жоқ жабындарда және желдетілетін бос аралығы бар жабындарда суағар шұңғымалардың қабылдағыш келте құбырлары мен салқындатылатын суағар учаскелерінің жылуоқшаулағышы болуы тиіс. Суағар шұңғымалар мен тіреулердің келте құбырларын салқын учаскелер шегінде жылытуға болады.

Суоқшаулағыш төсемді су қабылдағыш шұңғыманың су қабылдағыш ыдысының ернемегіне жапсыру орындары ерітілетін материалдың қосымша қабатымен күшейтілуі тиіс.

4.6 Міндетті сертификатталуы тиісті материалдардың ҚР сәйкестік сертификаты болуы тиіс.

Қолдану тәжірибесі және республика аумағында қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттары жоқ импортталатын құрылыс материалдары мен бұйымдарының ҚР Сәйкестік сертификаты болуы қажет.

## 5 Жұмыстарды өндіруді ұйымдастыру және оның технологиясы

### 5.1 Жұмыстарды өндіруді ұйымдастыру

5.1.1 Битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып, жабын жұмыстарын жүргізу кезіндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жобалау құжаттамасының, 1.03-00 ҚР ҚН, ЖЖЖ талаптарына және осы технологиялық картаға сәйкес орындау қажет.

5.1.2 Жабын жұмыстарын бастар алдында мыналарды орындау қажет:

- жұмыстардың жауапты өндірушісін тағайындау;
- қауіптілігі жоғары жұмыстарды өндіруге тиісті түрде ресімделген рұқсат-нарядын алу;
- жұмысшыларға нысаналы нұсқаулық жүргізіп, қол қойғызу және қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау, электр және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтарды тіркеу журналында жазба жүргізу;
- жұмысшыларды жұмыстарды өндіру жобасымен және осы технологиялық картамен қол қоя отырып таныстыру;
- жұмысшыларды арнайы киіммен, қорғаныс каскаларымен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;
- қауіпті аймақты дабыл қоршауымен және жақсы көрінетін ескерту (тыйым салу) белгілерімен белгілеу;
- жұмыстарды өндіру учаскелері мен жұмыс орындарын ұйымдастыруды ҚР ҚНжЕ1.03-05, ҚР ҚНжЕ1.03-00, ПОС және ЖЖЖ талаптарына сәйкес орындау (жұмыстарды орындау учаскелерін қоршау, машиналар мен тетіктерді орналастыруға арналған алаңдарды дайындау және т.б.);
- ЖЖЖ-ға сәйкес материалдарды сақтауға арналған алаң дайындау. Алаңның үстіңгі су ағысы үшін 5° артық болмайтын еңісі бар жоспарланған, дұрыстап тегістелген үстіңгі қабаты болуы тиіс. Жанармай газдары мен сұйықтықтары бар баллондарды сақтау орындары, стационарлық және жылжымалы өрт сөндіру құралдарының орналасу орындары анықталуы тиіс;
- тетіктерді, құрылғыларды, аспаптар мен мүліктерді объектіге жеткізу және пайдалануға дайындау;
- қажетті материалдарды талап етілген көлемде объектіге жеткізу және олардың сақталуын ұйымдастыру;
- уақытша электр жарығын орнату бойынша жұмыстарды орындау. Жұмыс орындарының жарықтандырылуы ҚР ҚНжЕ 1.03-05 және МЕМСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- желдету және түтін арналарын орындау;
- негізгі құрылымдарға антенналарды, жарнама құрылғыларын және т.б. орнату мен бекітуге арналған төсеме бөлшектерді орнату және бекіту;
- жабын арқылы құбырлар мен коммуникацияларды өткізу үшін төсеме элементтерді, гильзалар мен келте құбырларды құрастыру;
- құрама плиталар арасындағы жіктерді бекіту және плиталардың, тұтасқұймалы аражабындардың немесе тұтасқұймалы төсемді жеңіл бетоннан жасалған еңіс қабатының үстіңгі қабаты бойынша цементті ерітіндіден (жоба бойынша марка) тегістеп тұтастыруды орындау;
- жабын астындағы негізге температуралық-ширау жігін салу;
- парапеттермен, вент шахталармен және басқа шығыңқы бөліктермен жанасатын жерлерде цементті-күмды ерітіндіден еңіс бортын салуды орындау;

- суоқшаулағыш төсем жанасатын биіктікте кірпіш қабырғалар мен парапеттердің тік қабаттарының учаскелерін цемент ерітіндісімен сылау, сондай-ақ жобалық еңісі бар парапеттің үстіңгі жағын цемент ерітіндісімен тұтастыру;

- ғимараттың саты торлары немесе сыртқы сатылары бойынша шығатын төсемдерді орындау.

Өртке қарсы есіктер мен қақпақтар жарамды болуы тиіс.

Эвакуациялық шығаберіс жерлер мен стационарлық өрт сатыларына өтетін жерлер үнемі бос болуы қажет.

Барлық аталған жұмыстар куәландырылуы және акт бойынша қабылдануы тиісті.

Жұмыстардың өндірісін ұйымдастыру кезінде жұмыс орны санитарлық гигиена мен қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтай отырып, өндірістік үрдіс талаптарына және жұмыстарды орындау шарттарына сәйкес дайындалуы қажет.

Жұмыс орнында жабдықтарды, мүлікті орналастыру қысылшаң жұмыс жағдайларын тудырмайтындай, аспаптар мен жабдықтарды іздеп жүруге артық уақыт кетірмейтіндей етіп жоспарланады.

Жұмыс орнындағы аспаптар мен жабдықтардың саны оларды алу мен ауыстыруға барынша аз уақыт кетіре отырып бір ауысым ішінде үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету үшін барынша аз қажет болуы тиіс.

Аспаптар мен құрылғылар жұмыс орнында қолдану үшін қолайлы, белгілі тәртіпте орналасуы тиіс.

Автокөлік материалдарымен жасалған табандықтарды ЖЖЖ сәйкес автомобиль кранымен түсіру қажет. Материалдарды қабаттарға көтеру ЖЖЖ-мен анықталған көлемде мачталық көтергіш арқылы іске асырылады (ЖЖЖ сәйкес техникалық сипаттамалары бойынша ұқсас тетікке ауыстырылуы мүмкін). Материалдар қолмен немесе арбамен тасылады. Жабында орамалар контейнерлерде тік қалпында бір қатарда сақталады.

5.1.3 Битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып жабын жұмыстарын өндіру жұмыстарын келесі құрамдағы бригада орындайды:

- 4-санатты орама жабындар бойынша шатыршы (К1) (бұдан әрі мәтін бойынша – шатыршы) – 1 адам;

- 3-санатты шатыршы (К2) – 1 адам;

- 2-санатты шатыршы (К3) – 1 адам.

3 және 2 санатты шатыршылар 2-санаттан төмен болмайтын такелажшылар аралас мамандығына да ие болуы тиіс.

Шатыр жабынын салу бойынша жұмыстар кешеніне мыналар қатысады:


- 6-санатты ж/к 10 т мұнаралы кран жүргізушісі (МБК) – 1 адам;

- 3-санатты мачталық көтергіш жүргізушісі (МП) – 1 адам;

- 6-санатты ж/к 10 т автомобиль кранының жүргізушісі (МК) – 1 адам;

- 2-санатты такелажшы (Т1, Т2) – 2 адам.

5.1.4 Битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып, жабын жұмыстарын жүргізу кезіндегі жұмыс орындарын ұйымдастыру сызбасы 4-суретте келтірілген.



- 1 – орама материалдары бар контейнер;  
 2 - битумды праймері бар сыйымдылық;  
 3 – мачталық көтергіш;  
 4 – жабындағы орама материалдарды сақтау орны;  
 5 – баллоны бар арба;  
 6 – редуктор;  
 7 – газ шілтері;  
 8 – илегіш;  
 9 – орама материалдардан жасалған жабын төсемінің бірінші қабаты;  
 10 – жабын төсемінің екінші қабаты;  
 11 – қолмен тегістеу;  
 12 – салынған астарлама (битумды праймер);  
 13 – білікше.

K1 - K3 шатыршылардың жұмыс орындары;  
 МП – көтергіш жүргізушісінің жұмыс орны;  
 T1 - T2 - такелажшылардың жұмыс орындары.

#### 4-ші сурет – Битумды-полимерлік орама материалдарды қолдана отырып, жабын жұмыстарын өндіру кезіндегі жұмыс орындарын ұйымдастыру сызбасы

##### 5.2 Жұмыстарды өндіру технологиясы

Битумды-полимерлік орама материалдарды қолдана отырып жабын жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстар (екі қабатты төсем) келесі технологиялық тәртіпте орындалады:


а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі және қосымша жұмыстар:

- битумды-полимерлік орама материалдарды қолдана отырып жабын жұмыстарын орындау (екі қабатты төсем);

в) қорытынды жұмыстар.

Орама битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып жабын жұмыстарын жүргізу бойынша операциялардың технологиялық тәртібі 5-суретте көрсетілген.



- а – бітеме құрамын салу;
- б – орамдарды жаю, өлшеу және шиыршықтау;
- в – газ шілтерін жағу арқылы орамаларды қыздыру;
- г – айқасқан жік бойынша орамаларды домалату;
- 1 – астарлы сыйымдылық;
- 2 – білікше;
- 3 – астарланған негіз;
- 4 – жайғыш;
- 5 – төселетін орамдар;
- 6 – газ шілтері;
- 7 – арбадағы газы бар баллон;
- 8 – жаюға арналған қолмен жайғыш;
- 9 – жайылатын тақталар;
- К1 - К3 - шатыршылардың жұмыс орындары

**5-сурет – Орама полимерлік-битумды материалдарды қолдана отырып жабын жұмыстарын өндіру операцияларының технологиялық тәртібі**

### **5.2.1 Дайындық жұмыстары**

Жұмыстарды бастар алдында жұмысшылар шеберден (прорабтан) жұмыстарды жүргізу тәртібі және олардың қауіпсіз орындалуы туралы тапсырмалар, нұсқаулар алады, ЖЖЖ-мен және осы технологиялық картамен қол қоя отырып танысады. Аспаптарды, құрылғылар мен материалдарды, сондай-ақ жеке қорғаныс құралдарын алады.

### **5.2.2 Негізгі жұмыстар**

Битумды-полимерлік орама материалдарды қолдана отырып шатыр жабынын салу жұмыстары келесі технологиялық тәртіппен орындалады:

- негізді тазарту;
- ылғалды жерлерін кептіру;
- негізді астарлау;
- шатыр жабынының қосымша қабаттарын қабырға мен парапетке жанастыру;
- су ағатын ішкі шұңғымаға қосымша қабат салу;
- деформациялық жіктердің екі жағынан қосымша қабат салу;
- құмыралардың қосымша қабаттарын салу;
- шатыр жабынының төменгі қабатын салу;
- аэратор салу;
- шатыр жабынының үстіңгі қабатын салу;

#### **5.2.2.1 Негізді тазарту**

Негізді төгілген ерітінді мен жабысып қалған қоқыстардан қырғыш пен щетка арқылы тазалайды. Негіздің шаңын құрылыс алаңында орналасқан жылжымалы компрессордан берілетін сығылған ауамен үрлеу арқылы тазалайды.

#### **5.2.2.2. Ылғалды жерлерді кептіру**


Жабында ылғалды жерлер болған жағдайда оларды газ шілтерімен кептіру қажет.

#### **5.2.2.3 Негізді астарлау**

Ерітілетін орама материалдарды жабын негізімен біріктіруді қамтамасыз ету үшін цемент-құмды ерітіндіден және бетоннан жасалған негіздердің барлық үстіңгі қабаттарын бітемелік суық бөлшектермен (праймерлермен) астарлау қажет. Құрғақ қабаттарға салынатын бітеме ретінде битумды праймер қолданылады.

Астарлау құрғақ, тегіс негіздерде білікше арқылы, ал қол жетімсіз жерлерде бояу жаққыш арқылы қолмен орындалады.

Негізге бітеме құрамын (праймерді) білікше арқылы жағу 6-суретте көрсетілген.



- 1 - жабын негізі;  
 2 – білікше;  
 3 – жағылған битумды праймер

#### 6-сурет – Негізге білікше арқылы бітеме құрамды (праймерді) жағу


Жабын материалдар технологиялық үзілістен кейін ерітіледі (астарлы қабаттың толық кебуі, яғни астарлы қабатқа қойылған тампонда битум ізі қалмауы тиіс). Әрбір қабатты алдыңғы қабат негізімен толық біріктірілгеннен кейін барып жағу қажет.

#### 5.2.2.4 Шатыр жабынының қосымша қабаттарын қабырғалар мен парапетке жалғастыру

Шатыр жабынының салынатын негізгі төменгі қабаты қабырға мен парапеттің тік қабатына дейін жеткізіледі. Жалғастырудың қосымша төменгі қабаты кемінде 200 мм айқастыра отырып шатыр жабынының негізгі төменгі қабатына салынады. Кейін шатыр жабынының екінші негізгі қабаты салынады. Жалғастырудың қосымша үстіңгі қабаты кемінде 350 мм айқастыра отырып шатыр жабынының негізгі үстіңгі қабатына салынады. Негізгі шатыр жабынының төменгі және үстіңгі қабаттарын тұтас жабыстыру кезінде қосымша қабаттарды барлық ені бойынша тұтастай жабыстыру қажет.

Шатыр жабынының қосымша қабаттарын жалғастырып салу үшін битумды-полимерлік материал жаймаларын жаю мен ашу орындалады, жаймаларды орайды. Шілтерді жандырады және оралған орамды шілтердің маятникті қозғалысымен орамның бойымен балқытады. Білікше пайда болғаннан кейін балқыған қабатты (орамның төменгі жағынан) жайғышпен төсемді жаяды және ораманы астынан үстіне қарай жабыстырады. Айқастыру жерлерінде силиконды шығыршықпен жаяды.

Екі қабатты шатыр жабынын парапетке немесе қабырғаға жалғастыру жолы 7-суретте көрсетілген.




7-сурет – Екі қабатты шатыр жабынын парапет пен қабырғаға жалғастыру жолы

#### 5.2.2.5 Ішкі су ағатын шұңғымаға қосымша қабат салу

Торапты қалыптастыру материал астарына негіз дайындағаннан кейін бірден басталады. Битумды праймермен өңделген үстіңгі қабаттың шұңғыма орнатылған жеріне дайындау өлшемі 1000 мм × 1000 мм шатыр жабынының қосымша қабатын салады. Салынғаннан кейін шатыр жабынының қосымша қабатын силиконды шығыршықпен тегістеп жаяды. Шұңғыманың үстінде салынған қосымша қабатты қиманы 45 градусқа ауыстыра отырып табақшалар түрінде кеседі. Табақшалар су қабылдайтын шұңғыма құбырының қабырғаларына жабыстырылады.

Су қабылдайтын шұңғыманы орнатар алдында қалпақ пен қысқыш дөңгелекті шешу қажет. Шұңғыма ыдысын құбырға салып, шатыр жабынының балқытылған қосымша қабатына бекітеді.

Су қабылдайтын шұңғыманы салу жолы 8-суретте көрсетілген.



1 – жылытқыш; 2 – цементті-құмды тартпа; 3 – шатыр жабынының төменгі қабаты; 4 – шатыр жабынының үстіңгі қабаты; 5 – қысқыш дөңгелек; 6 – қалпак; 7 – су ағатын шұңғыма аузы; 8 – қосымша қабат:

### 8-сурет – Су қабылдайтын шұңғыманы салу торабы


#### 5.2.2.6 Деформациялық жіктің екі жағынан қосымша қабат салу

Деформациялық жік ауа температурасының өзгеруі, сейсмикалық құбылыстар, топырақтың біркелкі болмауы және құрылымның негізгі қабілетін төмендететін қауіпті жеке жүктемелерді тудыруы мүмкін басқа да әсерлерден пайда болатын ықтимал деформация жерлеріндегі құрылым элементтеріне түсетін жүктемені азайтуға арналған. Құрылысты жеке блоктарға бөлетін және осылайша құрылысқа белгілі бір серпімділік беретін ғимарат құрылымындағы қима болып табылады. Герметизациялау мақсатында серпімді оқшаулағыш материалмен толтырылады.

Шатыр жабынының салынатын негізгі төменгі қабаты деформациялық жік қабырғасының екі жағынан да тік қабатына дейін жеткізіледі. Жалғастырудың қосымша төменгі қабаты екі жағынан кемінде 350 мм айқастыра отырып шатыр жабынының негізгі төменгі қабатына салынады. Кейін шатыр жабынының екінші негізгі қабаты салынады. Жалғастырудың қосымша үстіңгі қабаты кемінде 200 мм айқастыра отырып шатыр жабынының негізгі үстіңгі қабатына салынады. Негізгі шатыр жабынының төменгі және үстіңгі қабаттарын тұтас жабыстыру кезінде қосымша қабаттарды барлық ені бойынша тұтастай жабыстыру қажет.

Шатыр жабынының қосымша қабаттарын деформациялық жік қабырғасының екі жағына жалғастырып салу үшін битумды-полимерлік материал жаймаларын жаю мен ашу орындалады, жаймаларды орайды. Шілтерді жандырады және оралған орамды шілтердің маятникті қозғалысымен орамның бойымен балқытады. Білікше пайда болғаннан кейін балқыған қабатты (орамның төменгі жағынан) жайғышпен төсемді жаяды және ораманы астынан үстіне қарай жабыстырады. Айқастыру жерлерінде қол жайғышпен жаяды.

Екі қабатты шатыр жабынын деформациялық жік қабырғасының екі жағына да шығара отырып жалғастыру жолы 9-суретте көрсетілген.



1 – темірбетонды плита; 2 – буоқшаулағыш қабат; 3 – жылуоқшаулағыш плита; 4 – цементті-құмды тартпа; 5 – жұмсақ жабынның негізгі жабын материалы; 6 – жұмсақ жабын материалының қосымша қабаттары; 7 – жылжымалы борт; 8 - ЦСП; 9 – қорап; 10 - компенсатор (500 мм кескіштермен немесе теспемен бекітіледі); 11 – 70 мм × 50 мм ағаш білеуше; 12 – мырыш тақтайдан жасалған төсем; 13 – қорғаныс алжапқышы; 14 – аралығы 200 мм диаметрі 50 мм шайбалары бар кескіштер, бір жаққа екі кескіштен кем емес; 15 – резеңке төсемі бар кескіштер (аралығы 500 мм артық емес); 16 - жылытқыш; 17 – қорғаныс қабаты.

**9-сурет – Екі қабатты шатыр жабынын деформациялық жік қабырғасына екі жағынан шығара отырып жалғастыру жолы**


**5.2.2.7 Үлкен құмыраның қосымша қабаттарын салу**

Үлкен құмыраларды жапсыру олардың ені 0,7 м дейін болғанда тігінен және ені одан жоғары болғанда белдеудің көлденеңінен жүргізіледі.

Қосымша қабаттарды жапсыру битумды-полимерлік материалдардың жеке жаймаларымен шұңғымадан су айырығына қарай баратын бағытта жүргізіледі. Құмыраларда негізгі шатыр жабынын күшейтуді кемінде 750 мм төмендеу қабатына енгізілетін (иілу желісінен) балқытылатын материалдың екі қабатымен көздеу қажет.

Жаймаларды алдымен құрғақ күйінде орындарында өлшейді, кейін гидрооқшаулағыш материалдың жартысын құмыраның бойлық белдігі бойынша бүгеді және шілтер арқылы негізге тығыз жапсырады. Жайманың жартысын жапсырған соң, дәл осы жолмен материалдың екінші жартысы жабыстырылады. Жабыстырылған жаймаларды бірден жайғышпен тегістеп жаяды.

Құмыраны салу жолы 10-суретте көрсетілген..



1 – төсемнің темірбетонды плитасы; 2 – буоқшаулағыш; 3 - жылуоқшаулағыш; 4 – цементті-құмды тартпа; 5 - бірінші негізгі қабат; 6 - екінші негізгі қабат; 7 – бірінші қосымша қабат; 8 – үстіңгі қосымша қабат;

### 10-сурет – Құмыраны салу жолы

#### 5.2.2.8 Шатыр жабынының төменгі қабатын салу

Шатыр жабынының төменгі қабатын салу үшін орама материалы жаймасын салады және ашады, жаймаларды орайды.

Астарланған негізде жайғыш арқылы жапсыру бағытында бес метрге дейінгі қашықтықта 5-7 орамды жазады. Орамдардың кесіктерін сақтай отырып, кемінде 70 мм бойлықта орама материалдары жаймасының айқас жабынының енін белгілейді, кейін орамдарды тегістеп жазады.

Орама материалдардың жаймаларын жабын салған кезде:

- шатыр еңісі 15 % кезінде су ағысына перпендикуляр ұзындық бойынша жаймаларды орналастыра отырып, учаскелердің төменнен жоғарыға қарай бағытында;
- еңістер 15% болғанда ағыс бағытында жабыстырады.

Балқытылатын орама материалының қабатын газ шілтерінің ашық отымен қыздыру арқылы орамаларды астарлы негізге жабыстыру және айқастырылған жерлерде қолмен жазу арқылы жаю орындалады.


#### 5.2.2.9 Аэраторды салу

Желдеткіш келте құбыр салынатын жерде аэратор салынады. Құбыр диаметрі бойынша шатыр жабынында тартпа мен жылытқыш арқылы буоқшаулағыш қабат пен саңылауға дейін терезе ойылады және бұл саңылау керамзиттік қиыршықтаспен толтырылады. Битумды праймермен өңделген үстіңгі қабаттың аэратор орнатылатын жеріне өлшемі 1000x1000 мм шатыр жабынының қосымша қабатын салады. Салғаннан кейін шатыр жабынының қосымша қабатын силиконды шығыршықпен тегістеп жазады. Аэратор салынатын жердің үстінен табақшалар кеседі және оларды салынған қосымша қабат бойынша 45 градусқа ауыстырады. Ойылған терезеге аэратордың желдеткіш келте құбыры негізі қосымша қабатпен қосылғанға дейін аэратор бағанасын салады. Аэратордың желдеткіш келте құбырының негізін шатыр жабынының балқытылған қосымша қабатына қысады және электроперфоратормен алдын ала саңылау жасап алып

теспе-анкерлермен тартпаға қосымша бекітеді. Шатыр жабынының негізгі қабаттары аэратордың желдеткіш келте құбырының негізіне салынады.

Аэратор бағанасы мен желдеткіш келте құбыры негізінің жалғасатын жеріне битумды герметик жағады. 80 м<sup>2</sup>-ден 100 м<sup>2</sup> дейін жабында диаметрі 75 мм, 110 мм немесе 160 мм бір аэратор орнату ұсынылады. Орнатылатын аэраторлардың нақты саны жобада анықталады.

Жылытқыш пен жабын астындағы кеңістікті мәжбүрлі түрде кептіру үшін жабын аэраторын орнату сызбасы 11-суретте көрсетілген.



- 1 – аэратор;
  - 2 – жабын материалының қосымша қабаты;
  - 3 – негізгі жабын төсемі;
  - 4 – төсем;
  - 5 – ауыстырылатын жылытқыш (керамзиттік қиыршық тас);
  - 6 – жылытқыш;
  - 7 – буоқшаулағыш;
  - 8 – төселетін плита.
- Ауа қозғалысының бағыты нұсқармен көрсетілген.

**11-сурет – Жылытқыш пен жабын астындағы кеңістікті мәжбүрлі түрде кептіру үшін жабын аэраторын орнату сызбасы**

#### **5.2.2.10 Шатыр жабынының үстіңгі қабатын салу**

Шатыр жабынының үстіңгі қабатын салу үшін орама материалдарының жаймаларын төсейді және ашады, орама материалдары жаймаларының айқас жабынының енін жобаға сәйкес, бірақ 100 мм кем болмайтындай етіп белгілеп, орамдарды жазады.

Балқытылатын орама материалының шатыр жабынының үстіңгі (екінші) қабатын төменгі қабатқа ұқсас етіп ораманың барлық ені бойынша жабыстырады, осы ретте, жаймаларды орама енін 1/3 кем болмайтындай етіп ауыстырып, бойлық қатардағы төменгі қабаттарындағы айқастырылған жерлерді жауып тұратындай етіп жазады. Аралас қатарлардағы көлденең айқас жабынды кемінде 0,5 м ауыстыра отырып орындау қажет. Орама материалының балқытылған қабаттарының айқас жабынын тегістеп жазу төменгі қабаттың айқас жабынына ұқсас етіп қолмен орындалады.

Шатыр жабынының үстіңгі қабатын салу 12-суретте көрсетілген.



- 1 – төселген екінші қабат;
- 2 – жазғыш;
- 3 – газ шілтері;
- 4 – екінші қабаттың төселетін орамы;
- 5 – шатыр жабынының салынған бірінші қабаты

1            2            3            4            5

**12-сурет – Шатыр жабынының үстіңгі қабатын салу**

### **5.2.3 Қорытынды жұмыстар**

Жұмыстарды орындағаннан кейін алаңды (жұмыс орындарын) қоқыстан тазарту, машиналарды, тетіктерді және материалдарды (арнайы бөлінген алаңда қайта базалауға жатпайтын) материалдық жауапты тұлғаға күзетуге тапсыру қажет.

5.3 Битумды-полимерлік материалдарды қолдана отырып жабын жұмыстарын өндірудің (екі қабатты төсем) операциялық картасы 1-кестеде көрсетілген.

**1-кесте – Битумды-полимерлік материалдарды қолданып жабын жұмыстарын жүргізуге арналған операциялық карта  
(екі қабатты жабын)**

Операция атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдықтар, аспап, мүкәммал, құрылғылар), машиналар, тетіктер мен құрал-жабдықтар	Орындаушы	Операцияны сипаттау
1	2	3	4
<b>Дайындық жұмыстары</b>			
Дайындық жұмыстары	-	4-санатты шатыршы (К1), 3-санатты шатыршы (К2), 2-санатты шатыршы (К3), мұнаралы кран жүргізушісі 6-санатты (МБК), 3-санатты дінгекті көтергіш жүргізушісі (МП), 6-санатты автомобиль краны жүргізушісі (МК), 2-санатты такелажшы (Т1, Т2)	Жұмысшылар шеберден (прораб) тапсырма алады және оны қауіпсіз орындау әдістері туралы нұсқаулар алады, ЖЖЖ, ПОС және осы технологиялық картамен танысады, қажетті аспап пен құрылғыны алады
<b>Негізгі жұмыстар</b>			
Негізді қоқыстан тазарту	Компрессор, сұйық құятын құрылғы, қырғыш, қылшақ	К2, К3	К3 қылшақ пен қырғыштың көмегімен негіздің үстіңгі қабатын қоқыс пен кірден тазартады. К2 қысылған ауа арқылы негізді рулон материалдар төсеп шаңнан тазартады.

## 1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Білгалды жерлерді кептіру	Газды алаулы жанарғы	К1	К1 жанарғы көмегімен шатыр негізін кептіреді (қажет болған кезде)
Негізді битумды праймермен тегістеу	Белдік, жаққыш, праймері бар ыдыс	К3	Қажет болған кезде К3 битумды праймерді араластырып, топырақты құрамды әзірлейді.  К3 белдік көмегімен негізге саңылаусыз және үзіксіз тегіс қатапен, деформациялық жапсарлардан, суайырықтардан, ернеулерден бастап салады. Қол жетімсіз жерлерде К3 жаққыш көмегімен праймерді салады
Қабырға мен парпетке жабынды кілемнің қосымша қабаттарын қабыстыру құралы	Газды алаулы жанарғы, қармау-жайғыш, силиконды ролик, пропан баллоны, редуктор, баллонға арналған арба, өлшеуіш, пышақ	К1, К2	Тік қабаттарға қабысу жерлері үшін жабынды кілемнің қосымша қабаттарын қажетті ұзындығы бар жабын материалының алдын ала дайындалған дайындамалардан орындайды  К1 және К2 жаяды және өлшеуіш пен пышақ арқылы жабынды кілемнің қосымша қабаттары (екі) қабырға мен парпетке қабысу үшін рулонды материалдардың (дайындама) төсемдерін ұсақтап, қиып пішеді.  К1 жанарғыны жандырады және айдалған рулонды рулон бойымен тілшік қозғалыстармен балқытады. Белдіктен сорғалаған балқыған қабат пайда болған соң (дайындаманың төменгі жағынан) К1 қармау-жайғышпен дайындаманы астынан жоғарыға жаяды және жабыстырады. К2 силиконды роликпен соғылған жерлерге төсемді домалатуды жүзеге асырады.

## 1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Ішкі су ағатын шұңғымаға қосымша қабатты орнату	Газды алаулы жанарғы, қармау-жайғыш, домалатуға арналған каток, пропанды баллон, редуктор, баллонға арналған арба, өлшеуіш, пышақ, бітеуге арналған тапанша	К1, К2	<p>Тік қабаттарға қабысу үшін жабынды кілемнің қосымша қабаттарын қажетті ұзынқытағы жабын материалының алдын ала әзірленген дайындамаларынан орындайды.</p> <p>Шұңғыманы орнату жерінде битумды праймермен өңделген қабатқа К2 жайып төсейді және өлшеуіш пен пышақ көмегімен суағар шұңғымаға қосымша қабат үшін мөлшері 1000 мм x1000 мм рулон материалдарының (дайындама) төсемдерін қиып пішеді. К1 жанарғыны жағады және дайындаманы жанарғының тілшікті қозғалыстарымен балқытады. Белдіктен сорғалаған балқыған қабат пайда болған соң (дайындаманың төменгі жағынан) К1 қармау-жайғышпен дайындаманы астынан жоғарыға жаяды және жабыстырады.</p> <p>К2 жабынды кілемнің қосымша қабатын катокпен домалатады. К1 шұңғыма үстінде төселген қосымша қабатқа қатысты 45 градусқа бөлікті араластырып жапырақтарға бөлуді орындайды және жапырақтарды су қабылдағыш шұңғыманың аузының қабырғаларына жабыстырады. К2 су қабылдағыш шұңғымадан қақпағы мен қысатын дөңгелегін алады. К1 шұңғыма ыдысын құбырға салады және оны жабынды ілемнің балқытылған қосымша қабатына домалата бекітеді. К1 қысқыш дөңгелектің сыртқы жағына битумды герметикті салады және К2 орнатуға береді.</p> <p>К2 жабынды кілемнің негізгі қабаттарының үстіне шұңғыманың қысқыш дөңгелегімен қақпағын қояды және бекітеді.</p>

## 1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Деформациялық жапсарға екі жақтан қосымша қабаттарды орнату	Газды алаулы жанарғы, қармау-жайғыш, домалатуға арналған каток, пропанды баллон, редуктор, баллондарға арналған арба, өлшеуіш, пышақ	К1, К2	<p>Тік қабаттарға қабысу үшін жабынды кілемнің қосымша қабаттарын қажетті ұзынқытағы жабын материалының алдын ала әзірленген дайындамаларынан орындайды.</p> <p>Жабынды кілемнің төселетін негізгі төменгі қабаты екі жақтан деформациялық жапсардың қабырғасының тік қабатына дейін жеткізіледі. К1 және К2 жаяды және өлшеуіш пен пышақ арқылы жабынды кілемнің қосымша қабаттары (екі) қабырға мен парапетке қабысу үшін рулонды материалдардың (дайындама) төсемдерін ұсақтап, қиып пішеді.</p> <p>К1 жанарғыны жандырады және айдалған рулонды рулон бойымен тілшік қозғалыстармен балқытады. Белдіктен сорғалаған балқыған қабат пайда болған соң (дайындаманың төменгі жағынан) К1 қармау-жайғышпен дайындаманы астынан жоғарыға жаяды және жабыстырады. К2 силиконды роликпен соғылған жерлерге төсемді домалатуды жүзеге асырады.</p>

## 1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Үлкен құмыраға қосымша қабаттарды орнату	Газды алаулы жанарғы, қармау-жайғыш, домалатуға арналған каток, пропанды баллон, редуктор, баллондарға арналған арба, өлшеуіш, пышак	К1, К2	<p>Үлкен құмыраға қосымша қабаттарды қажетті ұзындығымен жабынды материалдан алдын ала әзірленген дайындамалардан орындайды. Құмыраны жабыстыру оның осі бойымен 0,7 м дейін құмыра төсеміне және осіне көлденең – үлкен төсем кезінде жүргізіледі.</p> <p>К1 және К2 жаяды және өлшеуіш пен пышак арқылы жабынды кілемнің қосымша қабаттары (екі) қабырға мен парапетке қабысу үшін рулонды материалдардың (дайындама) төсемді ұсақтап, қиып пішеді.</p> <p>К2 соғылған жерлерге төсемді домалатуды жүзеге асырады.</p>

## 1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Жабынды кілемнің негізгі төменгі қабатын орнату	Газды алаулы жанарғы, қармау-жайғыш, домалатуға арналған каток, пропанды баллон, редуктор, баллондарға арналған арба, өлшеуіш, пышак	К1, К2	<p>К1 және К2 жабынды материалдың бірнеше рулонын жаяды, жабыстыру учаскесінде жабынды кілемнің төменгі қабатының әрбір рулонын жаяды, төсеу бағытын анықтайды және соғу мөлшерін белгілейді. содан кейін төсемдерді қайта рулонға жинайды.</p> <p>К1 жанарғыны жандырады және жиналған рулонды рулон бойымен жанарғының тілшікті қозғалыстарымен балқытады. Рулон алдында рулонда және негізде битумды пленкада мастиканың балкуынан түзілген мастикадан алынған белдік пайда болған соң К1 қармау-жайғышпен ұстап артқы шегініп жабынды кілемнің төменгі қабатын төсей және жабыстыра бастайды.</p> <p>К2 қол катогымен негізге тығыз қыса отыра, соғу жерлерінде төселген рулонды домалатады.</p>
Аэратор құралы	Электрперфоратор, герметикаға арналған тапанша, пышак, қалақ, газды алаулы жанарғы, жаққыш, пропанды баллон, редуктор	К2	К2 құбыр диаметрі бойынша желдеткіш келте құбырды орнату жерінде будыоқшаулау қабатына дейін электрперфоратормен қысқышта терезені ойып кеседі және саңылауды керамзитті қиыршық таспен толтырады. К2 аэратордың желдеткіш келте құбыр негізін жабынды кілемнің балқыған қосымша қабатына қысады және қосымша аэраторды қысқышта дюбель-анкерлермен бекітеді, алдын ала саңылауды электрперфоратормен теседі. К2 желдеткіш келте құбыр негізіне жабынды кілемнің қосымша қабатын салады, жабынды кілемнің қабысу жерін герметикаға арналған тапаншамен битумды герметикпен жағады.

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
